

Мамашарипова Г.А.

**90-шы жылдардың басындағы
қазақстан-американ
қатынастарының қалыптасуы**

Бұл мақалада 90-шы жылдардың басындағы Қазақстан-Американ қатынастары қарастырылады. 1990 жылдың бірінші жартысында Қазақстандағы ең үлкен мәселелердің бірі территориядағы атом қаруының тағдыры еді. Осы жылдардың басындағы Қазақстан-Американ қатынастарының қалыптасуына өзара әсерін тигізген ішкі және сыртқы факторлардың бірі – бұл ядролық қауіпсіздік және инвестиция. 90-жылдары Қазақстанның мемлекеттігін қалыптастыру, ҚР сыртқы саясаттағы мінез-құлқын қалыптастырудағы американдық фактордың әсері үстем болды және бұл сол кезде бағыт-бағдар беріп келген Ресеймен байланысты еді. Сол уақыттағы түсініксіз әрі қиын әлемде, жас тәуелсіз мемлекет өзінің сыртқы саясатында АҚШ-қа қараудан басқа таңдауы болмады, өйткені ол кезде АҚШ халықаралық қатынастар жүйесінде өзін көшбасшы деп санады және жаңа мемлекеттердің жағдайына басқалардан қарағанда белсенді қызығушылық көрсетті. Еліміз бірінші кезекте, АҚШ және батыс елдері тарапынан инвестицияға үміттенді. Бұл мемлекетіміздің дамуындағы алғашқы кезеңіндегі сыртқы саяси бағытындағы американдық вектордың басымдығын анықтады.

Түйін сөздер: халықаралық қатынас, тәуелсіздік, дипломатиялық қатынас, демократия, сыртқы саясат, ядролық қауіпсіздік, тұрақтылық, инвестицияны тарту.

Mamasharipova G.

**Forming of the Kazakhstan-
American relations at the
beginning of 90th**

In this article examined the bilateral Kazakhstan-American relations at the beginning of 90th the greatest problem in the first half of 1990th the fate of nuclear weapon became on territory of Kazakhstan. One of external and internal factors взаимовлиявшие on forming of the Kazakhstan-American relations at the beginning of 90th гг- this was nuclear safety and investment. In 90th of becoming of the Kazakhstan state system, influence of the American factor on forming of foreign-policy behavior of PK was dominant. At that time it was related to that Russia on that Kazakhstan was oriented already in sovereign quality gave up the role of aegis for Republic. In the difficult and incomprehensible then world there was not a choice the young independent state, except a reference-point in the foreign policy on the USA that declared about itself as about a leader in the system of international relations and more active than all interested in matter-position in the new state. A republic hoped, first of all, on an investment from the side of the USA and occident. It defined priority of the American vector in foreign-policy reference-points on the initial stage of development of the Kazakhstan state.

Key words: international relations, independence, diplomatic relations, democracy, foreign policy, nuclear safety, stability, bringing in of investment.

Мамашарипова Г.

**Формирование казахстанско-
американских отношений
в начале 90-х гг.**

В данной статье рассматриваются двусторонние казахстанско-американские отношения в начале 90-х гг. Самой большой проблемой в первой половине 1990-х годов стала судьба ядерного оружия на территории Казахстана. Одним из факторов, взаимовлиявших на формирование казахстанско-американских отношений в начале 90-х гг., являются ядерная безопасность и инвестиция. В 90-е годы становления казахстанской государственности, влияние американского фактора на формирование внешнеполитического поведения РК было доминирующим. В то время это было связано с тем, что Россия, на которую ориентировался Казахстан уже в суверенном качестве, отказалась от роли эгиды для Республики. В сложном и непонятном тогда мире молодому независимому государству не оставалось выбора, кроме ориентира в своей внешней политике на США, которые заявили о себе как о лидере в системе международных отношений и активнее всех интересовались положением дел в новом государстве. Республика надеялась, в первую очередь, на инвестиции со стороны США и западных стран. Это определило приоритетность американского вектора во внешнеполитических ориентирах на начальном этапе развития казахстанского государства.

Ключевые слова: международные отношения, независимость, дипломатические отношения, демократия, внешняя политика, ядерная безопасность, стабильность, привлечение инвестиций.

90-ШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН-АМЕРИКАН ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Кіріспе

Ядролық қауіпсіздік

1991 ж. 2 желтоқсанда президенттік сайлаудың нәтижесі бойынша пресс-конференцияда Н. Назарбаев бірінші рет сыртқы саясаттың контурларын сызды. Қазақстанның Шығысқа немесе Батысқа деген бағыты бойынша Президент мемлекеттің ашықтығы туралы жариялады және ол: «Қазақстан өзінің геосаяси жағдайының орналасуына және экономикалық әлеуетіне байланысты тар аймақтық мәселелермен шектеліп қалмауы керек, өйткені бұл елдің ішінде де оның сыртында да түсініксіз болатындығын айтты. Қазақстанның болашағы Азияда, Еуропада, Шығыста және Батыста. Шығыс пен Батыстың арасындағы өзара түсіністік бір-бірінің ерекшелігін білуден және үлкен мүмкіндіктерден тұрады, әрине, бұл, біздің еліміздің және халқымыздың игілігіне қарату. Нақ осындай саясатты жүргізуде, Қазақстанның қауіпсіздігіне қатер туғызатын кез келген шараның алдын аламыз. Біз еліміздің экономикалық және саяси қайта өзгеруіне байланысты сыртқы қолайлы жағдайларды күшейтеміз» деді [1, с. 510].

ҚР Президенті Н.Назарбаев 1992 ж. мамырында АҚШ-қа өзінің алғашқы ресми іссапарын жасады, келіссөздің маңызды тақырыптарының бірі КСРО мен АҚШ арасында қол қойылған «стратегиялық шабуылдық қаруды қысқарту және шектеу туралы келісім шарттың» заңдық статусы шеңберінде болды [2, с. 15].

1992 жылы атақты американдық сенаторлар С. Нанн және Р. Лугар Қазақстанға келді. Олардың сапарларының нәтижесі, қауіпті бірлесіп қысқарту Бағдарламасы немесе 1994 жылы іс жүзіне аса бастаған «Нанна-Лугара Бағдарламасы» болды. Ол СНВ-1 Келісім шарты бойынша міндеттемелерді орындауына, ОМУ ядролық және басқа да инфрақұрылым түрлерін экологиялық қауіпсіз етуге, ОМУ таратуды алдын алуға, әскери технологиялардың қорғаныс ынтымақтастығы және конверсиясына, экспорттық бақылаудың тиімді жүйесін құруды, ядролық материалды қауіпсіз жою және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған [3, с. 213-214].

Барлық қазақстандықтар сияқты Президент Н.Назарбаев үшін ядролық тақырып өте принципалды, өйткені Қазақстанға ядролық жарылыстардан болған шығынды айту қиын. «Өзінің халқына қатысты жасаған кеңес үкіметінің нағыз геноциді еді, – деді Н.Назарбаев. Әрине, Республиканың жетекшісі не болып жатқанынан хабардар еді, бірақ сынақты тоқтату үшін қолынан ештеңе келмейтін еді» [4, с. 139]. Бұл «саясатты» ол «адамзатқа жасалған алапат қылмыс» деп анықтады.

Тұрақтылық атмосферасында ғана, Қазақстан жас егемен мемлекет ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды табысты өткізгенін сезіне отырып, Президент Н.Назарбаев бастаған елдің жетекшілері ядролық қарусыздану үдерісіне белсенді қатысты. Қазақстан үшін әлемдік қауымдастыққа, өзінің осындай мақсат қойғандықтарын көрсету маңызды еді. Н.Назарбаев өзінің «Эпицентр мира» атты кітабында жазғандай «Қазақстан ядролық держава болсын не болмасын деген мәселе, бұқаралық көңілді өзіне аударды және әртүрлі сөздер мен эмоцияларды туғызды. Біз бұл мәселені қалай шешетінімізге байланысты алдымызда еліміздің жақыны мен алыс болашағы тұрды» [5, с. 36].

ҚР Президентінің 1991 ж. 29 тамыздағы Семей полигонын жабу туралы Жарғысы, Қазақстанның СНВ-1 Келісім шартына қосылуы, 1992 ж. шілдедегі Лиссабон хаттамасын және 1993 ж. желтоқсандағы ядролық қаруды таратпау туралы Келісім шарты Қазақстанның парламентімен ратификацияланды, негізінде бұл өзінің территориясындағы ядролық арсеналдың болашақтағы тағдырына деген Қазақстанның бағытын білдірді.

ҚР Президенті әу бастан-ақ, ядролық салада басым мақсатта тұрды, бұл – ядролық қаруды алдын алу және ядролық энергияны бейбіт жолда қолдану саласында халықаралық ынтымақтастықты кеңейту; ядролық қаруды сынауды толық тоқтату және ядролық полигондарды жабу; қауіпсіздіктің тұрақты кепілдігін қамтамасыз ету. Бірақ, Н.Назарбаев елдің өмірлік маңызды ұлттық мүдделерін ойлады – территорияның тұтастығы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ол өзінің «Вашингтон пост» газетінде берген сұхбатында: «Біз Қазақстан территориясынан ядролық қаруды алып шығамыз, бірақ біздің тәуелсіздігімізге және территориялық тұтастығымызға Ресей, Қытай және АҚШ кепілдік беру керек» деген болатын [4, с. 147].

Қазақстан, ТМД елдерінің ішінен алғашқысы болып өзінің территориясынан барлық тактикалық ядролық қаруды шығарды. 1995 ж. 27 мамырда Семей полигонының жер астында қалған соңғы ядролық зарядты жойды. Сол кезден бастап Қазақстан жері ядролық қарудан толығымен еркін болды. Антиядролық саясаттың жалғасы ретінде Қазақстан 1996 жылы жалпы ядролық сынаққа тыйым салу туралы Келісім шартқа қосылды. 1996 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 51-ші сессиясында Н.Назарбаев ядролық сынақты жүргізудің үстінен бақылайтын тиімді құрал болатын мониторингтің ғаламдық желісін, біздің мемлекетіміздің территориясында орналасқан үш қазіргі сейсмикалық станцияларды қосуды ұсынды. 1997 жылдың ақпанында Орталықазиялық аймақтың мемлекеттерімен, Орталық Азияда ядролық қарудан еркін зонаны құру бойынша Алма-Атылық декларация қабылданды [3, с.356-358].

1991 ж. Буштың (үлкен) және Б. Клинтонның (оның президенттігінің бірінші кезеңінде) әкімшілігінде аймақтағы елдерді демократизациялауға акцент жасады. Американдықтар КСРО-ның құлдырағанына және оның территориясында жаңа мемлекеттердің пайда болғанына дайын емес еді. Осы аймақтың елдеріне қатысты Вашингтонның ешқандай да дәйекті де толыққанды саясаты болмады. Осы кезеңде АҚШ аймақтағы жаңа мемлекеттердің егемендігін мойындап дипломатиялық қатынастарды орнатумен ғана шектелді және кеңестік, ортаазиялық республикалар арасындағы бұрынғы әкімшілік шекараларды халықаралық деп таныды.

Қазақстан мемлекетінің қалыптасуындағы алғашқы кезеңдегі ҚР сыртқы саясатын құруда американдық фактордың әсері үстем болды. Бұл сол кезде бағыт-бағдар беріп келген Ресеймен байланысты еді. Сол уақыттағы түсініксіз әрі қиын әлемде, жас тәуелсіз мемлекет өзінің сыртқы саясатында АҚШ-қа қараудан басқа таңдауы болмады, өйткені ол кезде АҚШ халықаралық қатынастар жүйесінде өзін көшбасшы деп санады және жаңа мемлекеттердің жағдайына басқалардан қарағанда белсенді қызығушылық көрсетті. 1992-1995 жж. Қазақстандағы АҚШ саясатының орталық орны Қазақстан территориясындағы ядролық қару мәселесі болды. Қазақстан тарапынан болған дұрыс нәтижеге қол жеткізген американдықтар Қазақстандағы өзінің іс-әрекетіндегі саяси форматын тез бұрды. Бірінші жоспарға мұнайды өндіруді дамыту және оны тасымалдау бойынша экономикалық жоспарлар шықты (Каспий теңізі зонасынан мұнай құбы-

рын құру) [6, p. 13-17]. АҚШ барлық бұрынғы посткеңестік мемлекеттерге қатысты жалпы саяси сызық жүргізді, орталықазияны қоса, олардың саяси өмірінің демократизациялануын және нарықтық қайта құруын жүргізді.

Экономика. Инвестиция

90-шы жылдары Республикада негізгі ауылшаруашылық саласы, егінді жерлер екі есеге қысқарды: 1990 ж. 35,2 млн га-дан 1999 ж. 15,3 млн га-ға дейін, оның ішінде дәндік жерлер – 23,4 га-дан 11,4 млн га-ға дейін [7]. Нақты өндірістің көлемін қысқарту, сондай-ақ ауылшаруашылықтағы өндірістің бағасын өнеркәсіптің бағасымен салыстырғанда (1990 ж. қатысты) бес есе төмендеуі, бұл өнеркәсіпке қарағанда аграрлық секторда жалпы қосылған құнның көлемінің төмендігіне әкелді. Сөйтіп, бұл ауылшаруашылық аймағының экономикалық және әлеуметтік дамуының мүмкіндігіне анағұрлым әсер етті.

Республика бірінші кезекте өзінің экономикалық базалық саласын сауықтыру жолы арқылы, терең экономикалық және әлеуметтік дағдарыстан шығу жолын қарқынды іздеді. Қазақстанда 1992 жылы басталған, ал 1993 жылдың соңында нарықтық қатынас жолында экономиканың реформалануы бойынша жұмыс белсенді жүргізілуде. Нақ осы жылдар кезінде, көпқатпарлы экономиканы қалыптастыру үдерісі белсендірілді. 1995 ж. соңында елімізде 91,3 мың шаруашылық субъект жұмыс істеді, оның 73,4 мыңын экономиканың мемлекеттік емес секторы өкілдік етті. 1995 ж. экономиканың мемлекеттік емес секторының кәсіпорындарымен өндірілген өнеркәсіп өнімінің меншікті салмағы 30,4% құрады; ауыл шаруашылықтағы жалпы өнім көлемінің үлесі 38,9% құрады. Осы жылдары Республикада кәсіпорындар, кіші және орта бизнес дами бастады: 1996 жылдың басында 147,2 мың адамдарды жұмыспен қамтыған 21,3 мың кәсіпорындар мен ұйымдар жұмыс істеді [8, p. 61].

Әлемдік тәжірибенің негізінде экономикалық тоқырауды еңсеру үшін басты мақсат Республикаға шетелдік инвестицияларды тартуда болды. Елдің жетекшілері, экономиканың тоқырау жағдайынан көтеру үшін сыртқы қолдаудың анағұрлым қажет екендігін әу бастан-ақ түсінген еді. Екі жақты қатынасты белсенді орнату әртүрлі салмақ категориясындағы бірнеше елдермен, сыртқы байланыста ашықтық және жанжақтылық принципін әлемге жариялаған, жаңа тәуелсіз елдің достық көңіл күй әрекеті,

әлемдік қауымдастықтың назарын аударту еді. Республика бірінші кезекте АҚШ және батыс елдері тарапынан инвестицияға үміттенді. Бұл Қазақстан мемлекетінің дамуының алғашқы кезеңіндегі сыртқы саяси бағытында американдық басымдылықты анықтады. Екінші орында дамыған Азия елдері тұрды, олар Жапония және Оңтүстік Корея. Сондай-ақ, Түркия және араб елдерінен қомақты инвестициялардың келуі күтілді.

Өндірістің түйінді салаларына инвестицияны тарту саясаты жеткілікті табысты болды. 1993-1999 жж. Қазақстан тікелей шетелдік инвестиция түрінде 9,29 млрд долл. алды, осы сумманың 53% мұнай және газ саласына кетті, қаражаттың қалған елеулі бөлігі болат, түрлі түсті металл, энергетика және басқа да салаларды өндіруге жұмсалды. 1999 ж. елге тікелей инвестициядан келіп түскен қаражаттың көлемі 1,36 млрд долл. құрады, оның 84% мұнай және газ саласына, 4% – металлургиялық өнеркәсіпке бөлінді [9].

Сонымен қатар, елдің экономикасындағы шикізат бағытының өскенін атап өту керек. Егер 1990 жылы ЖІӨ тек 0,5% мұнайгаз секторымен байланысты болса, ол 2003 ж. 14,3% жақын болды. Өнеркәсіп өндірісінің 36% мұнайгаз кешенімен, 39% құрылыспен, 11% көлікпен және 3,2% жылжымайтын мүлікпен байланысты болды [7].

Алдын ала талдау нәтижелері

– 1991-1995 жж. Қазақстан және АҚШ арасында 13 екіжақты халықаралық құжаттарға қол қойылды (келісімдер, конвенциялар, меморандумдар, келісім шарттар);

– Екіжақты қатынастар үшін негіз болған негізгі келісімдер 1991 ж. мен 1992 жылдар аралығында жасалынды.

Бағыттар бойынша екіжақты құжаттардың талдауы:

Бағыттар	Құжаттардың саны
Инвестицияларды тарту/салу	3
Дипломатиялық қатынастарды орнату	2
Салық салу жүйесі	2
Сауда қатынастары	2
Ядролық қауіпсіздік	2
Демократиялық әріптестік	1
Экология саласындағы әріптестік	1

90-шы жж. басындағы екі елдің негізгі мүдделері:

Қазақстанның мүдделері:

- Елдің ядролық қарудан бас тартуы
- Инвестиция тарту
- Сауда қатынастары

АҚШ мүдделері:

- Қазақстандағы кеңестік ядролық мұрадан құтылу
- Экономикалық ынтымақтастық

Қорытынды

90-шы жж. басында Қазақстанның дамуына көптеген дәйектер жиналды, ішкі үдерістер елдің халықаралық имиджі мен сыртқы саясаттың қажеттілігі аясында құрылды. Дұрыс сыртқы саясаттың көмегімен қалыптасқан қолайлы халықаралық орта елдің дамуы мен гүлденуі үшін жағдай жасайды. Осындай сыртқы және ішкі саясаттың өзара тәуелділігі әлемнің барлық елдеріне тән. Қазақстан Республикасы ең басынан бастап өзінің тәуелсіз дамуын мәлімдейді және іс жүзінде әлемдік қауымдастықпен

қабылданған ұстанымдары мен нормаларын дәлелдейді.

Қазіргі заманның ірі державасы АҚШ-пен қатынасты жан-жақты дамыту, 90-шы жылдары Қазақстан үшін маңызды рөл атқарған және атқаруда. Қазақстан бұл қатынастарды халықаралық аренадағы өзінің ұлттық мүдделерін дамытуымен байланысқан ұзақ мерзімді басымдықтар ретінде қарастырады. Бұл көптеген факторлармен байланысты, оның ішінде анағұрлым маңыздысы – халықаралық аренадағы Американың саяси салмағы, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі көмегі, қазақстандық экономикаға американдық капиталдың тартылуы. Менің тұжырымдамама гипотезалар түрі немесе жорамалдарға ие және арнайы монографиялық зерттеудің нәтижесі болып табылмайды. Мен қандай да бір жобалар бойынша түсіндірме беруден қалыспын. 1991 – 1995 жж. аралығында ҚР және АҚШ арасындағы екіжақты қатынастардың дамуына әсерін тигізген негізгі факторлар – бұл ядролық қару факторы (халықаралық қауіпсіздік) және Қазақстанның инвестицияны тартудағы мүдделілігі.

Әдебиеттер

- 1 Ертысбаев Е.Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен. – Астана: Елорда, 2001. – 576 с.
- 2 Хроника внешней политики Республики Казахстан (1991-1999) / Под ред. Ж.У. Ибрашева. – Алматы: КазГНУ им. аль-Фараби, 1999. – 120 с.
- 3 Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 552 с.
- 4 Nazarbayev N. My life, my times and my future. – Pilkington Press, 1998. – 94 p.
- 5 Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Алматы, 2001. – 197 с.
- 6 Blank S. U.S. Military Engagement with Transcaspian and Central Asia. Carlisle Barracks, P.A., 2000. – 124 p.
- 7 Шокаманов Ю. Станет ли Казахстан развитой и процветающей страной? // <http://www.investkz.com/journals/42/71.html>.
- 8 Economic Trends: Kazakhstan/EuropeanCommission. – 1999. – Apr.-June. – 182 p.
- 9 Прямые иностранные инвестиции в Казахстане. Агентства Республики Казахстан по инвестициям // <http://www.kazinvest.com/eng/default.htm>.

References

- 1 Ertysbaev E.E. Kazakhstan i Nazarbaev: logika peremen. – Astana: Elorda, 2001. – 576 s.
- 2 Hronika vneshnej politiki Respubliki Kazakhstan (1991-1999). Pod red. Zh.U. Ibrasheva. – Almaty: KazGNU im. al'-Farabi, 1999. – 120 s.
- 3 Tokaev K.K. Diplomatiya Respubliki Kazakhstan. – Astana: Elorda, 2001. – 552 s.
- 4 Nazarbayev N. My life, my times and my future. – Pilkington Press, 1998. – 94 r.
- 5 Nazarbaev N.A. Jepicentr mira. – Almaty, 2001. – 197 s.
- 6 Blank S. U.S. Militia Engagement with Transcaspian and Central Asia. Carlisle Barracks, P.A., 2000. – 124 r.
- 7 Shokamanov Ju. Stanet li Kazakhstan razvitoy i procvetajushhej stranoy? // <http://www.investkz.com/journals/42/71.html>.
- 8 Economic Trends: Kazakhstan/EuropeanCommission. – 1999. – Apr.-June. – 182 r.
- 9 Prjamyje inostrannye investicii v Kazahstane. Agentstva Respubliki Kazahstan po investicijam // <http://www.kazinvest.com/eng/default.htm>.